

Жанашар және Рахат селолық округтердегі ірі қара малдарының сарып ауруын жою мақсатында шектеу қою туралы

Күші жойған

Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданы әкімдігінің 2008 жылғы 26 мамырдағы N 2022 қаулысы. Алматы облысының Әділет департаменті Еңбекшіқазақ ауданының әділет басқармасында 2008 жылы 27 маусымда N 2-8-90 тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданы әкімдігінің 2008 жылғы 29 желтоқсандағы N 3568 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданы әкімдігінің 2008.12.24 N 3411 Қаулысымен

Қазақстан Республикасы "Ветеринария туралы" Заңының 10-бабының 2-тармағының 10-тармақшасына және Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылық Министрлігінің 2004 жылғы 5 қарашадағы N 632 "Адам және жануарлар үшін ортақ (бруцеллез) ауруларды алдын-алу және күресу жөніндегі ветеринариялық-санитарлық және санитарлық-эпидемиологиялық Ережені бекіту туралы" бұйрығын басшылыққа ала отырып және Еңбекшіқазақ аудандық аумақтық инспекциясының мемлекеттік бас ветеринариялық инспекторының 2008 жылғы 7 мамырдағы N 2-08/204, N 4 ұсынысына сәйкес шектеу қою мақсатында аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жанашар және Рахат селолық округтеріндегі ірі қара малдарының сарып ауруын жою мақсатында шектеу қойылсын.
2. Сарып ауруын жою жөніндегі ветеринариялық-санитарлық іс-шаралар жоспарға сәйкес бекітілсін (қосымша екі парақ).
3. Аудандық мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау басқармасы Жанашар және Рахат селолық округтеріндегі тұрғындары арасында санитарлық-эпидемиологиялық ағарту жұмыстарын күшейтіп, сарып ауруы тіркелген ошақтарда және ол округтегі ауыл тұрғындарынан сарып ауруына қан алу жұмыстары жүргізіліп үнемі бақылауға алынсын.
4. Жанашар және Рахат селолық округтеріндегі ветеринариялық инспекторлар малдардың қозғалысын және бекітілген іс-шаралар жоспарының орындалуын қадағалау жұмыстарын қатаң түрде жүргізісін.
5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.
6. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Бөлтірік Аусадықұлы Жақыповқа жүктелсін.

Аудан әкімі
Еңбекшіқазақ
2008
N
қосымша

Ә. Тойбаев
ауданы
жылғы
2022
26

әкімдігінің
мамырдағы
қаулысына

**Жаңашар және Рахат селолық округтердегі ірі қара малдарыныңсарып
ауруын жою мақсатында шектеу қою туралы іс-шаралардыңЖОСПАРЫ**

N	Ветеринарлық-санитарлық шаралар	Орындау мерзімі	Орындаушы	Кімнің бақылауында
1	Қолайсыз ошаққа аудандық тарапынан қою әкімдігі шектеу	үнемі	Аудандық ауылшаруашылық бөлімі	Аудандық ауылшаруашылық бөлімінің бастығы
2	Ауру шыққан қораны эпизоотиялық-эпидемиялогиялық тексеру актісін шығару	үнемі	Комиссия құрамы	Аудандық аумақтық инспекциясының бас мал дәрігер инспекторы
3	Ауру малды шұғыл түрде бөлу тиіс	үнемі	Мал иесі	Селолық округтің вет. инспекторы
4	Ауру малды алу және жою	үнемі	комиссия құрамы және Республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорын "Республикалық эпизоотияға қарсы күрес отряды"	Аудандық ауылшаруашылық бөлімінің бастығы
5	Мал тұрған қораны тазалап, көң мен қиды далаға бір жерге үйіп шығарылуы тиіс	үнемі	Мал иесі	Селолық округтің вет. инспекторы
6	Мал тұрған қораға және сойылған жерге залалсыздандыру жұмыстарын жүргізу	үнемі	Лицензиялы мал дәрігер, мал иесі, РМҚК "РЭО"	Селолық округтің вет. инспекторы
7	Қалған малдан 2 рет қатарынан 15-30 күнде қан алу	үнемі	Лицензиялы мал дәрігер, мал иесі, РМҚК "РЭО"	Селолық округтің вет. инспекторы

8	Екі рет таза шыққан сау малды 3 айлық тәртіптің бақылауға алу немесе әр 45 күнде тағы 2 рет қан алу	үнемі	Лицензиялы мал дәрігер, иесі, "РЭО"	мал мал РМҚК	Селолық вет.инспекторы округтің
9	Ауру ошақта қорытынды залалсыздандыру жұмыстарын жүргізу, басқа мал ауырмаса	үнемі	Лицензиялы мал дәрігер, иесі, "РЭО"	мал мал РМҚК	Селолық вет.инспекторы округтің
10	Қолайсыз ошақтан аудандық әкімдігі тарапынан шектеу алу туралы шешімі	үнемі	Аудандық ауылшаруашылық бөлімі		Аудандық ауылшаруашылық бөлімінің бастығы
11	Адамды сарып ауруынан қорғау шаралары және жеке бастың гигиеналық талаптары:				
	1) Арнайы киімі және аяқ киімі болу керек;	үнемі	Мал иесі		Селолық вет.инспекторы округтің
	2) Қолжуғыш, сүлгі, 1 - көмек көрсететін аптечка;	үнемі	Мал иесі		Селолық вет.инспекторы округтің
	3) Кір киімді жуатын салатын, ыдыс болу тиіс;	үнемі	Мал иесі		Селолық вет.инспекторы округтің
	4) Үш тастаған қозыларды, бұзауларды жинайтын ыдыс және көметін арнайы шұңқыр	үнемі	Мал иесі		Селолық вет.инспекторы округтің
	5) Құрал-сайман, залалсыздандыру препараттары болуы тиіс;	үнемі	Мал иесі		Селолық вет.инспекторы округтің
6) Сарып ауруына тексерілмеген адамды күтіміне жібермеу	үнемі	Мал иесі		Селолық дәрігерлік амбулаториясының дәрігері	

Аудандық ауыл шаруашылық бөлімінің бастығы
Б. М. Бименов

*Аудандық аумақтық инспекциясының
бас мемлекеттік ветеринарлық
инспекторы*
М. Т. Мұстафаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК